

белсенді құралына айналмайды. Олай болса, тілдің тек қарым қатынас құралы ретіндегі белсенділігін қызмет етуі деп түсінбеу керек. Кез келген тілді үйренуші тұлға дайын тіркестерді жаттау арқылы да шектеулі сөйлеу жағдаяттарында қарым- қатынасқа түсуге болады. Бірақ ол тіл үйренуде жүйелі, іргелі, ойлау процесінен өтіп, құрылым ретінде қалыптасқан ақпарат, білім қоры негізінде қалыптаспайды. Қысқа уақытқа жадыда сақталған дайын, ойсыз қолданылатын формалар ретінде қолданысқа түседі. Білім алушыда тілдік білім, ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениеті қалыптасуы үшін оның таным белсенділігін арттырып, дайын ақпаратты қабылдаушы ғана емес, ойланушы, сараптаушы тұлғаға айналдыру керек. «Сөйлеу дегеніміз – ойлау. Ойлау дегеніміз – тану, сөйлеу – қарым-қатынас жасау. Адам ойлаған кезде тілдік материалды пайдаланады және ой сөйлес түрінде беріледі [6, б. 117]. Сондықтан тіл мен әдебиет туралы білімді ақпарат ретінде ұсынбай, баланың дербес ізденісі мен ойлауының нәтижесі ретінде қалыптасуына мүмкіндік беретін оқыту әдістемесін құру керек, оны оқу үдерісінде кеңінен қолдану қажет. Бүгінгі қоғам мен білім берудің жаңа парадигмаларының сұранысын қанағаттандыру үшін тұлғаның функционалдық сауаттылығын қалыптастыруды жүйелі түрде сабақ үрдісіне енгізу қажет. Ол үшін білім алушы бойына сөйлеу әрекетінің түрлерін (оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым) жақсы игеру керек. Ойлау дағдыларының деңгейлерін (білу, түсіну, қолдану, талдау, салыстыру, бағалау) түсініп қолданулары керек. Сонымен қатар ойлаудың түрлерін: шығармашылық, логикалық, сыни, алгоритмдік, проблемалық, дивергентті түрлерін пайдаланулары керек. Тілдік, ақпараттық, коммуникативтік, лингвомәдени танымдық, әлеуметті-құқықтық, проблемаларды шешу құзыреттіліктерін қалыптастырулары керек. Сондай-ақ, жаңартылған білім беру мазмұнының басты ерекшелігі тұлғаның функционалдық сауаттылығын арттыру мақсаты екенін ескеру қажет.

Қорыта айтқанда, функционалдық сауаттылыққа негізделіп отырған жаңартылған білім мазмұны оқушыға әр түрлі білік дағдыларын қалыптастырып, ақыл-ой қабілетін жан жақты дамытуды мақсат етеді. Осы орайда, білім беруде шәкіртке тек дайын білімді меңгертіп, оны қайталаумен шектелмей оқушының өзіндік ізденісіне, өзіндік әрекетіне бағдар беріп, өзін және жолдастарының білімін өздігінен бағалай білу дағдыларын қалыптастыру көзделеді.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
2. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. – Алматы, 2013. – 446 б.
3. Ушинский К.Д. Таңдамалы педагогикалық шығармалары. – Москва: ОКБ, 1945. – 345 с.
4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары /Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 ж. 25. 06. №832 Қаулысымен бекітілген/.
5. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру (бастауышсыныптар). Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 66 б.
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеу. – Алматы, 1990

Кусаинова Д.Т.

«№14 мектеп- гимназиясы» КММ, Қарағанды қ.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ МАҢЫЗЫ

Аннотация. Мақалада автор бүгінгі күнгі ұрпақ тәрбиесі басты мәселелелердің бірі екендігін айқындайды. Бастауыш сынып оқушыларына білім мен тәрбие беруде ұлттық құндылықтардың мәні мен мағынасына үңіле отырып талдау жасайды.

Кілт сөздер: бастауыш сынып, ұлттық тәрбие, білім беру, салт-дәстүр, құндылықтар, этномәдениет, халықтық педагогика.

Білім беру жүйесі - қоғамды мәдениет пен саяси интеграцияның ең тиімді құралдарының бірі - әлеуметтік репродукцияның және мемлекеттік қауіпсіздіктің негізгі институттарының бірі. Ұлттық білім деп білім мазмұнындағы дүниетанымды, ал дүниетаным - болмыс көрінісінің жүйесі. Оқушыларға қазақ еліндегі тарихи құндылықтарды, ұлттық әдет - ғұрып пен салт - дәстүрді оқыта отырып, бойларына сіңіріп, ой - өрісінің жан - жақты болуына үлес қосуымыз қазіргі заман

талабы. Білім беру қашанда мәдени дәстүрлердің айрықша бөлігі. Сондықтан кез келген қызметті қазіргі заман талабына сай етіп білім беру қажет [1].

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық мектептер ашылып, ондағы оқыту, тәрбиелеу бағдарламасына өзгерістер енгені бәрімізге белгілі. Сондықтан да халықтық педагогиканы сабақта, сабақтан тыс тәрбие жұмыстарында қолданып, оны оқушылардың бойына сіңіру - біздің басты міндетіміз. Ол үшін ұлттық білім беру жүйесінде негізгі мына екі бағытты ұстанғанымыз жөн.

1. Ұлттық педагогиканың негізінде оқушыларға білім мен өнеге берудің тиімділігін көтеру.

2. Халықтық тәрбиенің ықпалы мен пайдасын ұқтырып, ұлттық сана - сезім тұрғысынан жастарды тәрбиелеу.

Ұлттық білім берудің өзі - ұлттық қауіпсіздік пен мәдениеттің құрамдас бөлігі. Ал ұлттық білім берудің құндылығы толығымен әлеуметтік дамумен, оның түбегейлі өзгеруімен анықталған.

Оны пайдалану жүйелері төмендегідей болуы тиіс. Ұлттық мектепте ғана ұлттық білім жүйесі жүзеге асырылады. Ұлттық білім деп білім мазмұнындағы ұлттық дүниетанымды, ал ұлттық дүниетаным - ұлттық болмыс көрінісінің жүйесі. Оқушыларға қазақ еліндегі тарихи құндылықтарды, ұлттық әдет-ғұрып пен салт-дәстүрді оқыта отырып, бойларына сіңіріп, ой-өрісінің жан-жақты болуына үлес қосуымыз керек.

Мұнан өз тағдырын өзін шешуге қолы жеткен халқымызға ұлттық рухани болмысты дұрыс қалыптастыру аса қажет екенін байқаймыз. Отанына деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мәселесі – бүгінгі күннің білім беру жүйесі алдында тұрған маңызды міндеттерінің бірі. Отан дегеніміз – халық. Халық дегеніміз – адам. Адамды сүю – оған жақсылық жасау. Ендеше отаншылдық – сонау ерте заманнан қалыптасып келе жатқан қасиетті сезім. Халықтық құндылықтарға сүйене отырып, елдікке, ерлікке, азаматтыққа тәрбиелеудегі өлең-жырлар, мақал-мәтелдердің әсері ұтымды болатындығы туралы танымал педагогтарымыз айтып та, жазып та жүр.

Ұлттық сана-сезім мәселесі қай халықтың болмасын басты тәрбие бағдары болады, санасезімді қалыптастырушы құралдарына ұлттық құндылықтары – жер, ел, тіл жатады. Ұлттық нышандары – Ел таңба, Ту, Әнұран. Ұлттық мәдениеті – сөз, бейнелеу, саз, дене тәрбие және т.б. Қазақ зиялыларының өнегелі іс-әрекеттері мен сөздері.

Халқымыздың отан сүйгіштік, патриоттық туралы, ұлттық мұрасының даму тарихына үңілетін болсақ, XV – XVIII ғасырлардағы Асан Қайғы бастаған, Ақтамберді, Доспамбет, Шалкиіз, Бұхар, Махамбет т.б ақын-жыраулардың поэзияларындағы тәлімгерлік ой пікірлерінен көреміз. Жас ұрпақтың оның ішінде төменгі сынып оқушыларының төл мәдениетінен нәр алуы ұлттық фольклорымен тығыз байланысты[2].

Халық педагогикасының басты мәселелерінің бірі – ұлттық үрдістер тұтастығын сақтай отырып азаматтық, адамгершілік, патриотизмге тәрбиелеу болды. Қазақ халқының тәлімдік мәні зор ой-толғаныстары бесік жырымен батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс-термелерде, жұмбақ-жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдерде көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні – адамгершілік – имандылық, ақыл-ой, еңбек, эстетика, дене, патриоттық тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі.

Этномәдени білім берудің негізгі міндеттері ретінде Қазақстан Республикасында этномәдени білім берудің тұжырымдамалары ұсынылған:

- көп мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу: адамның өзіндік мәдениетімен сәйкестендіру және басқа да мәдениеттерді игеру үшін жағдай жасау. Мәдениеттер диалогына бағдарлану, оларды өзара байыту;

- көптілді тұлғаны қалыптастыру: өздерінің ана тілінде, мемлекеттік және орыс тілдерінде тиімді сөйлесе алатын азаматтарды оқыту[3].

Теориялық тұрғыда бастауыш сынып оқушылардына этномәдени білім беруі біздің ойымызша, этникалық ақпараттануды көтеру, этникалық сәйкестікті қалыптастыру, орнықты құндылық жүйесін қалыптастыру, ұлттық мәдениетті тұтас көзқараспен қамтамасыз ету. Зерттеу контекстінде ерекше көңіл фольклордың кішкене формаларына лайық. Балалар фольклоры ауызша халықтық поэзияның кең ауқымы. Бұл бүкіл әлем - жарқын, қуанышты, өмірлік және сұлулыққа толы. Ол ересек адамдар әлеміне ұқсайды, бірақ оған бағынбайды және өз заңдары бойынша өмір сүреді және табиғат пен адами қарым-қатынасқа көзқарасына сәйкес келеді. Ересектердің қызығушылығын жоғарылайтын балалар өз тәжірибелерін ерікті түрде қабылдайды, бірақ оны өзгерте алады.

Фольклор, әсіресе, халық әндері, пьесалары, әзілдері және т.б. арқасында, бала лирикалық кейіпкерлерге мейірімділікпен табиғат сезімін толығымен қабылдайды, сұлулық, адамгершілік, салт-

дәстүрлермен, эстетикалық ләззаттарымен танысып, халықтың рухани мұрасы деп аталатын нәрсені сіңіреді, онсыз толыққанды тұлғаны қалыптастыру мүмкін емес. Балаларды сөздерді, жұмбақтарды, мақал-мәтелдермен, ертегілермен, әндермен таныстырамыз, осылайша біз оларды әмбебап моральдық құндылықтармен байланыстырамыз, этномәдени сана негізін қалыптастырамыз.

Мемлекетінің болашағы негізінен саяси және азаматтық институттардың, аумақтық тұтастықтың, халықтың әлеуметтік ынталандыруының, экономикалық реформалардың табыстылығы, саяси ұлттың қалыптасуының жалпы қарқынынан анықталады. Жастарды туып өскен елін, жерін сүйе ұлттық рухта тәрбиелеу деген жеткіншектердің бойына қазақ халқының дүниежүзілік мәні бар тарихи жеңісін, салт-дәстүрімізді ерекшеліктерін, халықтар достығының саяси әдісін, өскелең күшін халықаралық ынтымақтастық деңгейде қазақ ұлтының ұстанымдық қағидаларын түсініп, бойға сіңіре біл, ұғындыра біл деген сөз.

Туған халқымыздың өткен тарихына көз жібертсек, Отансүйгіштіктің керемет үлгілерін көреміз. Бүгінгі күні егеменді ел болып, қазақ деген ұлт болып отыруымыздың өзі – ата-бабаларымыздың теңдесі жоқ ерлігінің арқасы. Тарихи мәліметтерден байқағанымыздай, жоңғар шапқыншылығы кезін, одан бертіндегі ұлт-азаттық көтерілісін алып қарасақ, батырларымыздың ешқайсысы кеңес дәуіріндегідей жүйелі патриотизмге тәрбиелеудің тезіне салынбаған. Бірақ елін, жерін, Отанын қорғауда жанын, тәнін, аяп қалмаған. Өсіп келе жатқан жас буындардың бойына Отансүйгіштік сезімінің қалыптасуына отбасындағы тәрбиенің ықпалын елемей қоюға болмайды. Бұл ретте қазақ халқының батыр ұлы Б.Момышұлының «Бұл менің ошағым – Отанның ошағы, Отан болмаса, ошағым да, үйімде болмас еді, менің үйім де, ошағым да Отандыкі» деген сөзін келіні Зейнеп Ахметова отбасы тәрбиесіне қатысты айтып өткен. Ендеше өсіп кележатқан ұрпақты тәрбиелеу өзекті мәселе болып табылады. Ұлттық тәрбиеге бұл әрбір адамның қоғам алдындағы парызы.

Әдебиеттер:

1. Бекмағамбетов А.Ж., Әбдікәрімұлы Б. Өлкетану құндылықтары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру мүмкіндіктері // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – 2007. №1. – Б. 134-140.
2. Есім Ғарифолла. Ұлттық өркениет және мәдени бағдар // Қазақстан: сындарлы жылдар және ғаламдық мәселелер. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 305 б.
3. Бурбаев Т. Ұлт мәдениеті. Астана: Елорда, 2001. – 248 б.

Қуанғали Д.Қ., Глеуберлинова Э.Б.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУДА BILIMLAND ПЛАТФОРМАСЫН ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аннотация. Бұл мақалада Қазақстанның білім беру жүйесіндегі оқытудың ең танымал онлайн-платформасы – BilimLand цифрлық білім беру экожүйесі қарастырылған. Платформаны цифрлық білім беру ресурсы ретінде қолдана отырып, мүмкіндіктерін айқындап, артықшылықтары мен кемшілік тұстарын факт бойынша дәйектендіреді. Заманауи цифрлық оқыту технологияларының мәні мен мүмкіндігін жақсырақ түсіну үшін медиа платформаның типтік құрылымы мен мазмұнын қарастыру ұсынылады.

Кілт сөздер: қашықтықтан оқыту, онлайн оқыту, BilimLand білім беру платформасы, байланыс арналары, цифрлық білім беру ресурстары.

Қашықтықтан оқыту технологиялары мектепте оқытудың жаңа формалары мен мүмкіндіктерін табуға көмек береді. Бірнеше жыл бұрын қашықтықтан оқыту мүмкін деп ешкім болжай алмады. Қазіргі уақытта қашықтықтан оқыту білім беруді жаңғыртуда үлкен рөл атқарады.

Бірақ бастауыш мектеп туралы айтатын болсақ, кейбіреулер балалардың жасына байланысты қашықтықтан оқыту бастапқы буында мүмкін емес деп дауласуы мүмкін. Бірақ бұл сұрақты екінші жағынан қарастыра отырып, оқытудың инновациялық тәсілі білім беру процесін әртараптандыратының және оқушыларға қосымша дағдылар беретінін дәлелдеуге болады. Қашықтықтан білім беру технологиялары – деп негізінен ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылатын білім беру технологиялары түсініледі.